Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.2, ч.1. – Б. 88-89

ТЕХНИКАЛЫҚ ФАКУЛЬТЕТІНДЕГІ ДИПЛОМДЫҚ ЖОБАЛАУ КЕЗІНДЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ БӨЛІМІНІҢ НЕГІЗГІ ТАЛАПТАРЫ

Тілебалы Саят

Қауіпті аймақтар деп жұмыс орнындағы адамның жарақат алуына ыңғайлы жерлерді айтамыз. Мысалы, машиналардың қозғалыстағы бөлшектері, ток жүріп тұрған ашық электр сымдары, жүк көтергіш крандар жұмыс істейтін жерлер, тіпті мал шаруашылығында – күтімдегі малдар.

Қауіпті аймақтарда адамдардың жарақат алуын болдырмау үшін:

1. Жұмысшыны ол жерге барғызбау керек; ол үшін қауіпті аймақты қоршау және қашықтан басқаруды ұйымдастыру қажет;

2. Машиналар мен механизмдерді жарақты күйде ұстау қажет:

3. Жұмысшының ол жерде қатаң тәртіп сақтауы қажет. Ол үшін жұмысқа рұқсат етудің белгіленген талаптары орындалуы керек, жұмысшыларды қауіпсіздік техникасына оқыту керек, жұмыс орнында ескерту плакаттарын, қауіпсіздік белгілерін іліп, жарық және дыбыс белгілерін пайдалану қажет. Мысалы, машинаны жүргізер алдында белгі берілуі тиіс. Ауыл шаруашылығындағы техникаларда қауіпсіз жұмыс істеу ең алдымен олардың барлық агрегаттарының ақауы болмауына байланысты. Сондықтан тракторларға төмендегідей талаптар қойылады:

–тракторлардың толық жиынтығы және ақауы болмауы тиіс;

–тракторда қажетті құралдар мен жабдықтар, су құятын термос, дәрі салынаған қорап болуы қажет;

–трактор от сөндіргішпен, темір күрекпен қамтамасыз етілуі тиіс.

Қоршаулар дегеніміз- түрлі айналыста, қозғалыста тұрған бөлшектерді, тіпті бүкіл агрегатты қоршайтын қаптамалар, қалқандар, күңқағарлар, тақтайшалар, кедергілер, торлар.

Қоршаулар уақытша және тұрақты болуы мүмкін.

1. Жұмысшыға қажетті еңбек жағдайын жасау. Мысалы: адамның бұлшық етіне түсетін күшті азайту мақсатында басқару тұтқасы мен тежегішті қосымша күшейткішпен жабдықтау, электронды техникалар мен автоматтарды пайдалану, кабинадағы орындықтардың жұмсақ болуы, кабинаның ішін желдеткіш, жылытқыш, дәрі-дәрмекпен жабдықтау.

2. Жұмыс орындарында қауіпсіздік белгілерін пайдалану.

Қауіпсіздік белгілері: тыйым салушы белгілер, алдын ала ескерту белгілері, нұсқау белгілері, бағыттаушы белгілер болып бөлінеді.

Жалпы қауіпсіздік техникасында қызыл түсті бояу - «тоқта», «от», «болмайды» деген мағынаны білдіреді; жасыл түсті бояу - «жол ашық» дегенді, алқызыл бояу - «қауіпті» дегенді, ал сары түс - «ескерту», «назар аудару», «байқап жүр» деген түсінікті білдіреді.Машиналарды техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары МЕСТ және СНмЕ талаптарына, автомобиль кәсіпорындарында еңбек қорғау ережелеріне сәйкес орындалатын болу керек.

Техникалық күту және жөндеу зонасына жіберілетін автомобильдер алдын ала жақсылап тазаланып, жуылу керек. Автомобильдерді тазалау және жуу жұмысы арнайы оқшауланған бөлмеде механикалық әдіспен жүргізген дұрыс. Жуу процессін автоматтандыру прогрессивтік әдіс болып табылады.